Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б.20-23

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Алиакбарова А. П.

Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов XIX ғасырдан бастап қазақ жазбаша әдебиеті халық бұқарасының әлеуметтік жағдайына үңіле, олардың арман-тілегі үшін күресіп қоғам мүдделеріне қызмет ете бастағанын атап көрсетті. Поэзия адамдардың саяси көзқарастары мен арманын, мақсаты мен тілегін, сезімін, қуанышы мен қайғысын бейнелей бастады. Сол арқылы адамдар сана-сезімінің қалыптасуына жәрдемдесті. Енді поэзияда азаматтық мұратқа жету жолындағы әлеуметтік сарын пайда болады.

Ұлт-азаттық қозғалысы тарихын зерттеу барысында ауыз әдебиетінің деректерін кең пайдалану кәсіби тарихшылардың арасында әлі де қолға алынған жоқ. Дегенмен, ұлт-азаттық қозғалыс тарихы тарихымыздың басқа да мәселелері сияқты қазақ халқының тума төл деректері, оның ішінде фольклорлық деректер негізінде шынайы жазылуы мүмкін. Ол туралы фольклорды қазақ тарихының дерек көзі ретінде арнайы қарастырған еңбегінде: «Ұлт өмірінің өн бойындағы өзегі - оның тарихы. Қазіргі таңда елімізде ұлттық сананы көтерер іргелі төл тарихқа деген сұраныстың артып отырғаны анық. Халық жады міндетін атқарып, өскелен ұрпаққа тағылым береліктей мағыналы тарихты сол тарихтың төл деректерінің негізінде ғана жазуға болады. Ал қазақ халқының өткен өмірін бейнелеу жағынан теңдесі жоқ деректер тобын ауыз әдебиеті туындылары құрайды» -дейді т.ғ.д., профессор Қ.М. Атабаев.

Бұл материалдардың бәрі, ең әуелі, қазақтардың әлеуметтік – экономикалық құрылысына және ұлт-азаттық қозғалысына, атап айтқанда, көтеріліске қатысты белгілі бір қағидалардың дәлелдемесі ретінде қызмет атқарады. Осы тарауда пайдаланған негізгі фольклорлық деректерді сипаттауға көшпес бұрын принципті маңызы бар бір үлкен мәселеге, атап айтқанда – тарихи (этнографиялық) дерек ретінде тұтас алғанда фольклор туралы мәселеге және оны ғылыми пайдалану әдістеріне қысқаша тоқтала кетелік.

Қазақстан тарихын зерттеу кезінде аса маңызды дерек ретінде фольклордың маңызы айрықша зор. Мұның бұлай болатынын Е. Бекмаханов төмендегідей түсіндіреді: «... себебі, XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ халқының жазба әдебиеті болмады. Сондықтан тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз және т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және,

ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан».

Фольклорлық материалдың маңызы сонда, ол тарихи оқиғалар мен жеке адамдарға дәл және көбінесе дұрыс бағасын береді, себебі тарихты жасаушы және суреттеліп отырған оқиғалардың тікелей қатысушысы халықтың өзі болып табылады. Өткенді зерттеуде фольклордың маңызы туралы айта келіп, П.Лафарг былай деп жазған: «Халық жыры... оны иемденетіндердің рухы мен әдет-ғұрыптарына сай келгенде ғана қабыл алынады. Жыр көйлекке қосылатын соны сән сияқтандырып күштеп таңылмайды».

Қазақ фольклорының тарихшылар мен этнографтар үшін аса зор маңызы барын кезінде академик В.В. Радлов та атап айтқан:

«Бұл эпос та, - деп жазды ол, - гректердің эпосы сияқты бүтін бір халықтың рухани өмірі мен әдет-ғұрыптарын ап-айқын етіп алдыңа жайып салады, ол әскери жорықтарды, құда түсулерді, ас берулерді, ат жарыстарын, үй тұрмысын және басқа осындайларды эпикалық тұрғыда шалқыта суреттейді».

Қазақ фольклорын егжей-тегжейлі сипаттап жатпай-ақ айта кететін бір нәрсе: сан алуан оқиғалардың бірін қалдырмай баяндайтындықтан, талайлардың атын атап, түсін түстеп беретіндіктен, іші не қилы деректерге толы болғандықтан бұл фольклор дегеніңіз тарихшы үшін, әсіресе қоғамдық қатынастар саласын зерттейтін үшін шын мәнінде баға жетпес қазына.

Этнолог- ғалым Ж.О.Артықбаевтың ауызша тарих туындыларының тарихи дерек көз ретіндегі «XVIII ғасырдағы қазақ қоғамын зерттеу үшін жазба деректерді пайдалану жеткіліксіз. Оның басты себебі қоғамдық ішкі қатынастардан тұратыны. Ал этникалық, әлеуметтік, саяси өмірді көктей өтетін қоғамдық байланыстарды көшпелі елмен үстірт қана таныстығы бар өзге елдің зерттеушісі аңғаруы өте қиын. Сол себепті XVIII ғ. тыныс – тіршілігін шынайы сипаттайтын, қоғамның ішкі өмір сүруін заңдарын тап басатын қазақи деректерді пайдаланудың маңызы өте зор» »- деп пайымдауы жалпы фольклорлық деректердің барлығына қатысты болмақ.

Алайда осы аса бай фольклорлық материалды пайдалану тарихшыдан үлкен шеберлікті және мейлінше сыни көзбен қарауды талап етеді. Фольклордың өзіне тән негізгі ерекшелігі – оның сапа және таптық жағынан біркелкі болып келмейтінін, онда тарихи шындық пен поэтикалық қиял және аудармашының жорамалы болатынын, әсіресе бірнеше ғасыр бұрын айтылып, талай рет ауыздан – ауызға көшкен болса әр түрлі жыраулар мен жыршылар өз жандарынан түйдектетіп қосатын қосымшалардың да мұндай фольклордан орын алатынын бір сәтке де естен шығармау керек. Соның өзінде жырдың авторы да және оны айтушы да оқиғаларды өздерінің таптық және саяси көзқарастарына орай құбылтып отырады. Нақ осы себептен ауыз-әдебиет туындыларын зерттеу кезінде оның таптық сипатын,

мүмкін болса оның авторының немесе орындаушысының кімдер болғанын анықтап алу аса маңызды шарт болып табылады.

Зерттеушінің аса маңызды міндеті: шындықты қиялдан ажыратып қана қоймай, сонымен бірге фольклорлық материалдарда хабарланатын фактілерді мүмкіндігі болғанынша тексеру, оларды мұрағаттық және әдебиеттік деректермен салыстыру.

Ақын, жыраулардың шығармалары өз дәуірінің күрделілігі мен қайшылығын жырлады. Мысалға алсақ: Бұқар жырау өмір сүрген уақытта Ресеймен қазақ қоғамы арасындағы жаңа ғана басталған қатынастың жағымды жағы мен патшалық отарлау аппаратымен ілесе келген жағымсыз зиянды элементтердің араласа жүруі қоғамдық ойда да қайшылықты ағымдар туғызғанды.

Ресей сияқты қуатты мемлекетпен бейбіт, жылы қатынастың берер пайдасын жақсы түсінген ойшыл, Абылай ханға Ресей ұлы жұрт, «орыспен соғысып, басына мұнша көтерген жұртыңа жаулық сағынба» дейді. Сонымен бірге елінің болашағын ойламайтын парасат иесі жоқ. Патшалықтың отарлау саясаты қиын-қыстау заманында ел ақылшысы дәрежесіне көтерілген жыраудың көңіліне күдік салады. Мұның да табиғи құбылыс екендігін ешкім жоққа шығар алмас.

М.Әуезов: «Бұлардың туысы мен бағыт сарыны ел басына келген тарихи дәуірден туған туғандықтан, барлық ақынды тарих көлемінде қарастыру керек. Бұларды ұғу үшін соларды туғызған ел мен шартты тарих бетінен ұғыну керек»-әдебиетті тарих жолымен қарастыру қажеттігін нақтылап ескертеді.

Жер жаһанды халықтың құрылу, ұлт болып ұйысу, елдік және сол елдікті ерлікпен қорғау тарихында сөз өнері иелерінің беделі теңдессіз зор болған жұрттың бірі мен бірігейі-қазақ елі. Жүрекпен де, білекпен де Отанын, елін, жерін сүюдің тарихта өшпестей із қалдырған ақындар аз емес.

Сонымен, ауыз әдебиеті туындыларын, оның ішінде батырлық жырларын қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихын жазуда жазба, архив деректерімен қатар бір деңгейде пайдалану керектігін және де бұл деректер белгілі бір қағидалардың дәлелдемесі ретінде қызмет атқаратынын айтқымыз келеді.

Дегенменде фольклор ауыздан-ауызға өткендіктен, әр түрлі жыраулардың, жыршылардың белгілі бір оқиғаны асыра баяндауын естен шығармауымыз керек.

Жоғарыда атап өткендей фольклор оқиғалардың бір желінің бойымен баяндайтындықтан, ондағы белгілі тұлғалардың бейнесі ашылатындықтан, деректердің молдығы әлеуметтік, қоғамдық саланы зерттейтіндерге, тарихшы үшін шын мәнінде үлкен қазына деп айтуға болады.

Фольклорлық деректерді тарих ғылымындағы маңызды, зерттеу нысаны ретінде қабылдау, жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу тарихы танымымызды кеңейтумен қатар, халқымыздың рухын оятудағы, рухани құндылықтарын қастерлеуге игі ықпал етпек.